

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
«Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы»

«Бекітілді»

Заң факультетінің Ғылыми кеңесінің
отырысында

Хаттама №9 « » 2016 ж.

Факультет деканы з.ғ.д., профессор
_____ Байдельдинов Д.Л.

Мамандық: Құқықтану 5В030100

СИЛЛАБУС

Модуль № ___ Атауы

«Қазақстан Республикасының қаржылық құқығы»

Код «(FNSL 5206)» (3 кредит)

1, 3 курс, к/б, күндізгі, 5 семестр

«Қазақстан Республикасының Қаржылық құқығы» пәні бойынша модульдің пәндерін жүргізетін оқытушылар туралы МӘЛІМЕТ:

Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі:

Дәріс берушінің аты-жөні: Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы, заң ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы.

Семинар берушінің аты-жөні: оқытушылар: Үмбетов Мадияр, Әділғазы Серікхан, Қонысбай Бахытгүл

Телефон: жұмыс телефоны: 3773336 ішкі 1257

e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

каб.: заң факультеті, «Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы», 320, 333 каб.

Модульдің МАЗМҰНЫ: Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері:

- **Мақсаты:** Курсты зерделеудің басты мақсаты студенттердің өз бетімен ғылыми ізденістер жасауға деген қабілеттерінің қалыптастыру, қаржылық құқық аясында туындайтын қаржылық құқықтық жауаптылық мәселелерін талдау, сын-пікірлер айту және ойластыру барысында ғылыми тұжырым жасауға баулу болып табылады. Қаржылық құқықтық саясатты жүргізуге қабілеті құқық қорғау органның, өкілді атқарушы органның және өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес органның болашақ жұмыскерлері болатын құқықтанушыларды дайындау.

- **Міндеттері:** Курстың негізгі міндеттері қаржылық құқық саласында болып жатқан өзгерістердің ерекшеліктерін зерделеумен қатар, олардың өзара байланыстарын және қазіргі нарықтық экономикалық жағдайлар кезіндегі жүзеге асыру тәртіптері сияқты мәселелерді қарау болып табылады.

Модуль бойынша оқытудың нәтижесінде студенттер

Білу керек:

- қаржылық құқықтың түсінігі, әдістері, қағидалары және негізгі идеялары мен проблемаларын ашатын сұрақтарды білу;

- қаржылық құқықтың әдебиеттермен, заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істей білу;

- Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі қаржылық құқықтың орны. Қаржылық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы, негізгі ұғымдар мен түсініктерді, оларды қолдану аясын білу;

- қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің қаржылық басқару, жоспарлау, бақылау, жауаптылық және т.б. институттарын жетік түсіну және білу;

- қаржылық құқықтың ерекше бөліміне жататын бюджет құқығы, салық құқығы, банк құқығы, сақтандыру құқығы және т.б. бүгінгі таңдағы өз алдына жеке құқық салалары болып табылатын өнімдерді білу, сондай ақ, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарай біліп, тұжырымдар жасай алу.

Игеру қажет:

- қаржылық құқық саласындағы білімдерді игеру;
- ғылыми және тәжірибелік терминдер мен ұғымдарды еркін игере білу;
- ситуациялық есептерді шешуде тәжірибелік дағдыларды игере білу;
- қаржылық құқық саласы бойынша отандық және халықаралық заңдылықтарды игере білу қажет.

Машықтана білуі керек:

- Нормативтік құқықтық актілерді берілген әр түрлі құқық салаларына байланысты дұрыс қолдануға дағдылану;

- оқиғалық есептерді шешу процесінде тәжірибеде заңнамалық нормаларды қолданауға дағдылану;

- қаржылық құқық салалары бойынша оқиғалық есептерді шешу кезінде аналитикалық ой тұжырымдарды қолана білуге дағдылану;

- өзінің білімін дамытуға және тереңдетуге және жоғары деңгейде болуға дағдылану;

- жетістікпен жұмысқа орналасуға қажетті сипаттар мен дағдыларды игеруге, жеке жауапкершілікті талап ететін бастамашы болуға, қилы жағдайларда проблемаларды шеше білуге, тұрақты болуға, тұрақты кәсіби даму үшін дербес қабілетті болуға дағдылану қажет.

Құзыреттері. Модуль бойынша оқытудың кеңінен қамтылу нәтижелері

Студенттер жалпы білуі тиіс:

- кәсіби тәжірибедегі ғылыми зерттеу саласындағы ғылыми пәннің қазіргі жағдайын бейнелейтін талпыныстар, тенденциялар мен проблемалардың білімін терең жүйелі білуі шарт;

- жалпы ғылыми тәсілдерді, сондай-ақ өздерінің ғылыми зерттеулеріне қолданылатын арнайы тәсілдерді түсіну және білу;

- тәжірибелік тұрғымен қатар бар білімдерді түпнұсқалық түсіну және жаңа білімді құрау мен бейімдеуге қатысты да зерттеу тәсілдері мен талдауды да ғана қолдана білуі қажет;

- аталған ғылыми салада жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарай біліп, тұжырымдар жасай алу;

- әдістемелік талпыныстарды бағалай білуге, оларды талдай білуге және жаңа гипотезаларды ұсына білуге;

- күрделі проблемаларды шешудегі жүйелік және дәлдік тәсіл, мәліметтердің толық еместігі жағдайында және өзінің қортындыларын мамандар үшін де кәсіби дайындығы жоқ адамдар негізді қортындылар жасауға;

- проблемаларды шешеудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауға және шешуге;

- өзінің білімін дамытуға және тереңдетуге және жоғары деңгейде жаңа дағдыларды игеруге;

- жетістікпен жұмысқа орналасуға қажетті жеке сипаттар мен дағдыларды игеруге, жеке жауапкершілікті талап ететін бастамашы болуға, қилы жағдайларда проблемаларды шеше білуге, тұрақты кәсіби даму үшін дербес қабілетті болуға.

- Жалпы құзырет:

Құралдық: Ғылыми тәсілдермен жұмыс істеу қабілеттілігі, ерекше маңызды салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілі иеленеді. Методологиялық қабілеттіктерді иелену, синэргетика және телеологиялық келісім құқық тәсілдерімен және ақпараттық технология юмегі арқылы қоршаған ортаны түсіну және басқару машықтарын білу,

уақытты ыңғайлы ұйымдастыра алатын қазіргі менеджер-басқарушының қабілеттерінің болуы, ақпараттық кеңістіктің құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиясын қоя білу, дербес және тиімді басқару шешімдерін қабылдау, туындауы мүмкін проблемаларды шешу.

Тұлғааралық: Құқықтық білімдерді сындарлы ұғыну және өзін өзі сынға алу қабілеттілігі. ҚР заңнамасын сындарлы бағалай білу. Сауатты, негізді талдау және сындарлы аргументті ұжырымдар мен қорытындыларды ұсына білу қабілеттілігі. Пікірталастарды жүргізе білу қабілеттілігі. Белсенді қайраткердің жеке-психологиялық қабілеттіктерінің болуы; соның ішінде сынға алу және мадақтауды дұрыс түсінудің қабілеттілігімен байланысты; әлеуметтік, корпоративтік және т.б. өзара іс-әрекет пен ынтымақтастықтың өзара қатынасымен негізгі әлеуметтік дағдыларды сипаттау; топта жұмыс істей білу, топ ішіндегі қатынастар мен міндеттемелерді қабылдай білуге әзірлік.

Жүйелік: Жүйені жетілдіру мақсатында өзгерістерді жоспарлау қабілеттілігі. Аталған тәсіл әсіресе қолданыстағы заңнаманы құқықтық бағалау барысында және құқықтық сипаттағы болжамдар мен гипотезаларды әзірлеу барысында маңызды. Құқықтық фактіні бағалаудағы маңызды критерилерді анықтай білу. Казуистік жағдайларда шешуде жүйелілік және құрылымдықтың үйлесуі. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды құқықтық реттеу жүйесіндегі қазіргі заңшығарушылық базаны білу, оны одан әрі дамуының байланыстары мен дамуын білу.

Пәндік құзырет: Таңдаған кәсіптік қызметке қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты сараптамалық әдістер мен әсілдерді игеру, құқықтық көмекті өкілеттік шегінде және кәсіби жүзеге асыру және оны дамыған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тәжірбиесін енгізу.

Курсты оқып үйрену үшін қойылатын негізгі талаптар:

Студенттің міндеті:

- сабаққа қатысу;
- семинар сабақтары мен СОӨЖ, СӨЖ орындау кезінде топтың жұмысына белсенді түрде қатысу;
- СОӨЖ, СӨЖ кестесі бойынша тапсырмаларды уақытында тапсыру; сабаққа жүйелі түрде қатысу.

Курстың саясаты:

- Студент барлық дәріске қатысуы керек.
- Студент семинар сабақтарында жауап беруі керек.
- Қатыспаған сабақтарын қайталап ауызша тапсыруы керек.
- Сабаққа кешікпей келуі керек, дәрекі-өрескел мінез көрсетпеуі тиіс.
- Сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек.
- Студенттің белсенділігі ескеріліп, оның алған максималды баллдары мен уақытылы тапсырылған СӨЖ және аралық бақылау жұмыстары үшін «үздік» бағаға ұсыну.
- Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазба түрінде орындалып, ауызша қорғалуы керек.

Сабақ жүргізудің әдістері:

- дәріс пен сұрақ-жауап;
- дискуссиялар және кіші топтармен жұмыс;
- қысқаша баяндамалар;
- сабақтың үстінде интервью алу;
- конференциялар мен презентациялар

Студентке байланысты оқытушының күтетін нәтижелері:

Курсты оқып аяқтағаннан кейін студент:

- курс бойынша негізгі терминдер мен түсініктерді білуге;
- негізгі және қосымша әдебиеттерді табуға және оқып білуге.

- қаржылық құқықты реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдануға және талдай білуге міндетті.

Пәнді оқыту алдында оқытылуы тиіс пәндер (Пререквизиттер): мемлекет және құқық теориясы; конституциялық құқық; әкімшілік құқық; азаматтық құқық; еңбек құқығы; қылмыстық құқық және т.б.

Пәнді оқытылғаннан кейін оқытылуы тиіс міндетті пәндер (Постреквизиттер): ҚР-ның бюджет құқығы; ҚР-ның банк құқығы; ҚР-ның сақтандыру құқығы және т.б.

Курстың мақсаты: студенттерге субъективтік құқықтарды нотариаттық қорғау нысанын реттейтін құқық нормаларын; азаматтық, шаруашылық және басқа қатынастарда заңдылықты бекітуде нотариаттың ролінің өсуін; нотариалды органдардың тәжірибеде құқық нормаларын қолдануды түсіндіру болып табылады.

құқықты, тұлғаны қорғауға бағытталған аса маңызды әлеуметтік құндылық ретінде ұғынуға мүмкіндіктер жасау; осы заманғы қоғамдағы саяси-құқықтық үрдістерге (процестерге) болашақ заңгерлердің өз бетінше талдаулар жасау, тұжырымдар түйю, түсініктеме беру қабілеттерін дамыту.

ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Апта лар	Тақырып атауы	Сағатта р	Балл
1 Модуль Қаржылық құқық түсінігінің теориялық мәселелері			
1	Дәріс. 1 Тақырып. Қаржы жүйесі және мемлекеттің қаржылық қызметі 1. Мемлекеттік қаржылар: түсінігі, маңызы, принциптері, функциялары. Мемлекеттік қаржылардың Қазақстан экономикасын нарықтық түрлендірулер барысындағы ролі. 2. Мемлекеттің қаржы жүйесі: түсінігі, маңызы, аспектілері, қағидалары; функциялары. Мемлекеттің қаржы жүйесі мен еліміздің қаржы жүйесі: айырмашылықтары, буын-бөлімшелері, нормативтік-құқықтық негіздері.	2	
	1 Семинар сабағы . Мемлекеттің қаржылық қызметінің жалпы сипаттамасы 1. Мемлекеттің қаржылық қызметі: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері. Мемлекеттің қаржылық қызметі – мақсат-бағдарлы, жоспарлы қызмет. 2. Мемлекеттің қаржылық қызметінің түрлері, принциптері, негізгі әдістері, қаржылық қызметті жүзеге асырушы уәкілетті органдар, құқықтық нысандары. Мемлекеттің қаржылық қызметінің саласында заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері.	1	6
2	Дәріс. 2 Тақырып. Қаржылық құқық - құқық саласы ретінде, пәні, әдісі, жүйесі 1. Қаржылық құқықтың құқықтық реттеу пәні: түсінігі, маңызы. Мемлекеттік қаржылық қатынастар: түрлері өздеріне тән белгілері және олардың тауарлық-ақшалай қатынастардан айырмашылығы. 2. Қаржылық құқық: түсінігі, маңызы. Қаржылық	2	

	<p>құқықтың қазіргі кезеңде құқық саласы ретінде дамуының тенденциялары және ерекшеліктері. Қаржылық құқық қызметті іске асырудың нысаны және әдісі ретінде. Қ аржылық-құқықты реттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттері.</p> <p>3. Қ аржылық құқықтың Қазақстанның құқық жүйесінде алатын орны және оның шектес жатқан конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық салаларымен өзара байланысы, арақатынасы, сондай-ақ, олардан ерекшеленетін айырмашылығы.</p>		
	<p>2 Семинар сабағы . Қаржылық құқықтың құқық саласы ретіндегі өзектілігі</p> <p>1. Қ аржылық құқықтың құқықтық реттеу әдістері: түсінігі, түрлері, өзіне тән белгілері, қ олдану салалары. Біржақты-өктем императивтік әдістің баса қолданылуының себептері мен негіздері.</p> <p>2. Қ аржылық құқықтың жүйесі: түсінігі, маңызы, басты бөлімшелері. Қ аржылық құқық жүйесінің жалпы және ерекше бөлімдерінің құрылымдық құқықтық институттары: ерекшеліктері, қ алыптасу белгілері, өзара іс-қимылдары.</p> <p>3. Қаржылық құқықтың дерек көздері: түсінігі, топтастырылуы. Қаржылық заңдар қаржылық құқықтың болмысының нысаны ретінде: сипаттамасы, маңызы</p>	1	6
3	<p>Дәріс. 3 Тақырып. Қаржылық құқықтық нормалар және қаржылық құқықтық қатынастар</p> <p>1. Қ аржылық құқықтық нормалар: түсінігі, өзіне тән белгілері мен ерекшеліктері, құрылымы. Қаржылық құқықтық нормалардың уақыт пен кеңістікте, аумақтарда, тұлғалар шеңберінде іске асырылуының маңызы және шегі.</p> <p>2 Қ аржылық құқықтық нормалардың негізгі түрлері, топтастырылуы. Қорғаушы және реттеуші қаржылық құқықтық нормалар. Реттеуші қаржылық құқықтық нормалардың негізгі мақсаттары. Баламалы және факультативтік қаржылық құқықтық нормалар. Материалдық және ұйымдастырушы, императивтік және диспозитивтік қаржылық құқықтық нормалар.</p>	2	
	<p>3 Семинар сабағы . Қаржылық құқықтық қатынастардың өзекті мәселелері</p> <p>1. Қаржылық құқықтық қатынастар: түсінігі, өзіне тән белгілері, түрлері, объектілері. Материалдық және ұйымдастырушы, өктем және шартты қаржылық-құқықтық қатынастар. Бюджеттік, валюталық қаржылық, қаржылық- банктік, қ аржылық - сақтандыру, салықтық, қаржылық- шаруашылық құқықтық қатынастар.</p> <p>2. Қ аржылық құқық және қаржылық құқықтық қатынас субъектілері: түрлері, құқықтық жағдайларының ерекшеліктері, мемлекеттік органдарға байланысты мән-жайлары. Қ аржылық құқықтық қатынастар субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдері.</p>	1	6

	3. Қ аржылық құқықтық қатынастардағы заңи фактілер: түсінігі, маңызы, функциялары. Заңи іс-әрекеттер және заңи оқиғалар. Құқ ыққа сай іс-әрекеттер. Құқ ыққа қайшы заңи іс-әрекеттер. Заңи фактілер қаржылық- құқықтық реттеу әдісінің элементі ретінде.		
3	1 ӨЖ. Қаржылық құқықтың басқа құқық салаларымен байланысын анықтау Тапсыру нысаны жазбаша, презентация жасау, тапсыру мерзімі 3 апта.		10
4	2 ӨЖ. Қазақстан жолы - 2050 ҚР Президенті - Елбасы ӘН Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2014 жыл) бойынша экономикалық қаржылық саясаттың өзекті мәселелері Тапсыру нысаны жазбаша, презентация жасау, слайд тапсыру мерзімі 4 апта.		10
	2 Модуль. Мемлекеттің қаржылық саясатының теориялық мәселелері		
4	Дәріс. 4 Тақырып. Мемлекеттің қаржылық құрылымының құқықтық негіздері 1. Мемлекеттің қаржылық құрылысының құқықтық негіздері қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы. 2. Мемлекеттің қаржылық құрылысы: түсінігі, құрамы, ұ йымдастырылу негіздері, нормативтік-құқықтық базасы. Мемлекеттің қаржы жүйесі. Мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі. Мемлекеттік қаржылық реттеу.	2	
	4 Семинар сабаы . Мемлекеттің қаржылық құрылымы және қаржылық реттеудің құқықтық негіздері 1. Мемлекеттің қаржы жүйесі. Мемлекеттің қаржылық саясаты. Қ аржы жүйесінің бірыңғайлығы, аумақтылығы. Қ аржылық механизм: элементтері, аспектілері. Қ оғамның қаржы жүйесі: түсінігі, салалары. 2. Мемлекеттің қаржылық құрылымы және қаржылық реттеу: түсінігі маңызы. Мемлекеттің қаржылық құрылысын құруға және оның құрамындағы әр түрлі қаржы буындарын басқаруға атсалысатын тиісті қаржылық өктем құзыреттері бар мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі. Мемлекеттік қаржылық реттеу: түсінігі, міндеттері, негізгі әдістері. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі және қаржылық қызмет саласындағы қаржылық процестерге заң жүзінде бекітілген ықпал ету жүйесі.	1	6
5	Дәріс. 5 Тақырып. Ақша жүйесінің құқықтық негіздері 1. Ақша жүйесінің құқықтық негіздері қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы. Осы институт реттейтін объектілер. 2. Ақша жүйесі: түсінігі, типтері, негізгі элементтері, құқықтық негіздері. Ресми ақша бірлігі. Ақшалардың түрлері. Ақшаларды эмиссиялау тәртібі. Валюталық	2	

	айналым режимі. Ақшалардың функциялары: құн өлшемі, төлем құралы, қор жинақтау құралы.		
	<p>5 Семинар сабағы . Қазақстан Республикасының ақша жүйесі</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ақша жүйесі: нормативтік-құқықтық негіздері, айрықша белгілері. Қазақстан Республикасының ақша жүйесінің құрамына кіретін ақшалардың түрлері. Қазақстан Республикасының ақша бірлігі заңды төлем құралы ретінде. Ұлттық валюта құрылымын дамыту перспективасы. Қолма қол және ақшасыз ақша айналымын ұйымдастырудың және ақша эмиссиялаудың құқықтық негіздері.</p> <p>2. Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеу: түсінігі, құқықтық нысандары, міндеттері, әдістері. Валюталық шектеулер. Валюталық реттеу объектісі. Валюталық құндылықтар. Валюталық реттеуді жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік орган. Валюталық қатынастардың субъектілері. Резиденттер, резидент еместер. Валюталық операциялар: ағымдағы валюталық операциялар, капитал қозғалысына байланысты валюталық операциялар. Валюталық бақылау: негізгі бағыттары, мақсаты, уәкілетті органдары, агенттері.</p>	1	6
5	<p>3 ӨЖ. Мемлекеттің ақша айналымын ретке келтіру тәсілдері және мемлекетте жүргізілген ақша реформалары.</p> <p>нысаны-жазбаша (реферат)</p> <p>тапсыру мерзімі 5 апта.</p>		10
6	<p>Дәріс. 6 Тақырып. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару мәселесі</p> <p>1. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы.</p> <p>2. Мемлекеттік қаржыларды басқару: түсінігі, басқаруды ұйымдастыру элементтері, принциптері, негізгі міндеттері. Мемлекеттік қаржыларды басқаруды қалыптастырудың және іске асырудың өктем билік, әлеуметтік механизмі мен субъективтік элементтері.</p>	2	6
	<p>6 Семинар сабағы . Қаржылар саласындағы басқару мәселесі</p> <p>Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды жүзеге асырудың негізгі әдістері, құқықтық нысандары және өзекті мәселелері. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды ұтымдыландыру критерийі. Қаржыларды басқаруды жүзеге асыратын жалпы және арнайы құзыретті мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі. Қаржылық құзыреттері бар мемлекеттік уәкілеттік органдар қаржылық құрылыстың атқарушы аппараты ретінде. Қаржы жүйесінің қызмет атқаруын қамтамасыз ету.</p>	1	

	Мемлекеттік қаржыларды басқару барысында инвестициялық белсенділікті ынталандыру, мемлекеттің қаржы жүйесін нарықтық түрлендірулер мен талаптарға сай келтіру және әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы түпкілікті құруды көздеу.		
7	Дәріс. 7 Тақырып. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері 1. Қ аржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институт ретінде: түсінігі, маңызы. 2. Қ аржылық жоспарлау-мемлекеттің қаржылық қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде: түсінігі, объектісі, принциптері, ә дістері, құқ ықтық негіздері. Қаржылық жоспарлау мен болжамдаудың ғылыми негіздері. Перспективалық және ағымдағы қаржылық жоспарлауды ұштастыру. Қ аржылық жоспардың резервтік вариантын негіздеу. Мемлекеттің, экономика салаларының, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қаржылық ресурстары көрсеткіштерінің теңдестірілуі. Қ аржылық жоспарлаудың нормативтік-құқықтық негізі.	2	
	7 Семинар сабағы. Қаржылық жоспарлау 1. Қ аржылық жоспарлау процесі: мақсаты, жүзеге асырушы және атсалысушы қаржылық-жоспарлау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдар, стадиялары, заңи нысаны. Ә леуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамдас бөлігі. Мамандандырылған қаржылық органдар мен мекемелердің және басқа да мемлекеттік органдардың заң жүзінде көзделген іс-әрекеттері. Стадиялары: қаржылық жоспардың жобасын әзірлеу; қ аржылық жоспардың жобасын қарау; қ аржылық жоспарды бекіту; қ аржылық жоспарды атқару; қ аржылық жоспардың атқарылуы жөнінде есеп беру. Жоспарлы-қаржылық актілер. Мемлекеттік борыштарды және бюджет тапшылықтарын төмендетуді жоспарлау. 2. Қ аржылық жоспарлар: жүйесі, түрлері, құқ ықтық нысандары, ерекшеліктері. Қ аржылық жоспар мемлекеттік жоспардың маңызды элементі. Қаржыларды жоспарлауды қамтамасыз ету: кіріс және шығыс баланстарын басқару; әртүрлі түсім көздерінен түсетін қаражаттарды басқару; қ аражаттарды пайдалануды реттеу. Қ аржылық жоспарлар жүйесі: жалпы мемлекеттік қаржылық жоспар; салалық қаржылық жоспарлар; аумақтық қаржылық жоспарлар. Қаржылық жыл және қаржылық кезең. Қаржылық кезең элементтері.	1	6
			Семинар – 42 б СӨЖ – 30 б АБ – 28 б
	1 Аражы бақылау. Өткен 1 -7 апталар тақырыптары бойынша жазбаша бақылау		АБ -28 б

	жұмысы.		
	1-7 апталар аралығында:		100 б
8	Midterm – 8 апта		100 б
9	<p>Дәріс. 8 Тақырып. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеу</p> <p>1. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеу қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институт ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы.</p> <p>2. Мемлекеттік қаржылық бақылау: түсінігі, элементтері, принциптері, салалары, топтастырылуы. Мемлекеттік қаржылық бақылау мамандандырылған мемлекеттік бақылаудың бір түрі ретінде. Мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижесі: қ аржы жүйесінің барлық буындарының ойдағыдай қызмет атқаруларын қамтамасыз ету; қаржылық ресурстарды аса ұтымды пайдалануға қол жеткізу. Тікелей және жанама қаржылық бақылау. Мамандандырылған және функциональдық қаржылық бақылау. Өкілді билік, атқарушы билік және сот органдарының қаржылық бақылауы.</p>	2	
	<p>8 Семинар сабы . Мемлекеттік қаржылық бақылаудың құқықтық негіздері</p> <p>Мемлекеттік қаржылық бақылаудың маңызы, негізгі әдістері, түрлері, мамандандырылған қаржылық және басқа да уәкілетті органдары. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың мақсаты мен негізгі міндеттері. Мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңдылық пен қаржылық тәртіп. Қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету шаралары. Қаржылық-құқықтық санкциялар. Ревизия: топтастырылуы, маңызы. Ревизия актісінің заңызы. Қаржылық-бақылаулық құқықтық қатынастар: ерекшеліктері, субъектісі, объектілері. Қаржылық бақылау органдары: түрлері, құзыреттері.</p>	1	6
9	<p>4 ӨЖ. ҚР Бюджет құқығы – қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің институты ретінде.</p> <p>1. Бюджеттік құқықтың түсінігі мен бюджет қызметі.</p> <p>2. Бюджет деңгейлері: Республикалық және жергілікті бюджеттер.</p> <p>3.Республикалық бюджет туралы ҚР Заңы. Мемлекеттік қаражаттың кіріс және шығыс бөлігін қарастырып, өз пікірлеріңізді айтыңыздар нысаны–ауызша, дөңгелек стөл тапсыру мерзімі 9 апта.</p>		10
10	<p>Дәріс. 9 Тақырып. Қаржылық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу</p> <p>1. Қ аржылық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы.</p> <p>2. Мемлекеттік қаржылар саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу: түсінігі, шаралары, өзіне тән белгілері, ерекшеліктері.</p> <p>3. Заңи жауапкершілік шаралары болып табылмайтын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары. Заңи</p>	2	6

	жауапкершілік: түсінігі, түрлері, өзіне тән белгілері, принциптері.		
	9 Семинар сабағы. Қаржылық жауапкершілік 1. Мемлекеттік қаржылар саласындағы қаржылық құқық бұзушылықтар: түсінігі, негізгі белгілері, құрамы. 2. Салық салу, мемлекеттік бюджет, валюталық реттеу аяларындағы құқық бұзушылықтар. Қаржылық құқық бұзушылықтардың түрлері. Қаржылық құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс қозғау тәртібі және оның ерекшеліктері. 3. Қаржылық-құқықтық жауапкершілік: түсінігі, мақсаты, негізгі белгілері, түрлері, шаралары. 4. Қаржылық құқықтық сипаттағы әкімшілік құқық бұзушылық	1	
	3 Модуль Қаржылық құқықтың әртүрлі институттарының өзекті мәселелері		
11	Дәріс. 10 Тақырып. Бюджеттік құқық - қаржылық құқықтың басты институты ретінде 1. Бюджеттік құқықтың қаржылық құқықтың бір бөлімі ретінде түсінігі. Бюджеттік құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Бюджеттік құқықтық қатынастар мен бюджеттік құқықтық нормалардың ұғымы. 2. Бюджеттің түсінігі, “бюджет” терминінің қалыптасуы. Бюджеттің құрылымы. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі.	2	
	10 Семинар сабағы. Бюджеттік құқықтың жалпы сипаттамасы 1. Республикалық бюджеттің кіріс көздері. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің шығыстары. 2. Жергілікті бюджеттің кіріс көздері. Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетінің шығыстары.	1	6
10	5 СӨЖ. Салық құқығы - қаржылық құқықтың басты институты ретінде 1. Салық құқығының жалпы сипаттамасы 2. Салықтың түсінігі, құрамы және салықтың түрлері. 3. Салықтың атқаратын рөлі. Салықтардың жіктелуі. 4. Қазақстан Республикасының салық жүйесі. нысаны–жазбаша, тапсыру мерзімі 10 апта.		10
12	Дәріс. 11 Тақырып. Салық құқығы - қаржылық құқықтың институты ретінде 1. Салықтық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері. 2. Салықтардың қалыптасу тарихы және ерте кездегі салықтардың түрлері. 3. Салықтың түсінігі, құрамы және салықтың түрлері. Салықтың атқаратын рөлі. Салықтардың жіктелуі.	2	

	Қазақстан Республикасының салық жүйесі.		
	<p>11 Семинар сабағы. Салықтық құқықтың жалпы сипаттамасы</p> <p>1. Салықтық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері. Салықтардың қалыптасу тарихы және ерте кездегі салықтардың түрлері.</p> <p>2. Салықтың түсінігі, құрамы және салықтың түрлері. Салықтың атқаратын рөлі. Салықтардың жіктелуі. Қазақстан Республикасының салық жүйесі.</p>	1	6
13	<p>Дәріс. 12 Тақырып. Қаржылық-банктік құқық қаржылық құқықтық бөлімі ретінде</p> <p>1. Қаржылық-банктік құқықтың пәні, қайнар көздері, құқықтық реттеу әдістері мен жүйесі. Банктік құқықтың қағидалары. Банктік құқық саласы ретінде басқа құқық салаларымен арақатынасы.</p> <p>2. Банқығымы. Қазақстан Республикасының банктік жүйесі. Мемлекеттің банктік қызметі. Банктік операциялар және олардың түрлері.</p>	2	
	<p>12 Семинар сабағы. Қаржылық-банктік құқықтың өзекті мәселелері</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы, оның өкілеттілігі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қадағалаушы орган ретінде. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы заңы.</p> <p>2. Екінші дәгейдегі банктердің құқықтық жағдайы. Қазақстан Республикасында банктердің ашылу тәртібі. Банкті консервациялау. Банкті қызметті тоқтату жағдайлары. Банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың құқықтық жағдайы.</p>	1	6
10	<p>6 СӨЖ. ҚР банктік құқығының даму ерекшеліктері</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы, оның өкілеттілігі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қадағалаушы орган ретінде. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы заңы.</p> <p>2. Екінші дәгейдегі банктердің құқықтық жағдайы. Қазақстан Республикасында банктердің ашылу тәртібі. Банкті консервациялау. Банкті қызметті тоқтату жағдайлары. Банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың құқықтық жағдайы. нысаны–жазбаша, тапсыру мерзімі 10 апта.</p>		10
14	<p>Дәріс. 13 Тақырып. Қаржылық-сақтандыру құқығы қаржылық құқықтың институты ретінде</p> <p>1. Сақтандыру құқығы қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің бір институты ретінде үсінігі. Сақтару құқығының қалыптасу жағдайлары.</p>	2	

	<p>2.Сақтандыру құқығын пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары.</p> <p>3.Қазақстан Республикасындағы сақтандыру түрлері және олардың ерекшеліктері.</p>		6
	<p>13 Семинар сабағы . Қаржылық-сақтандыру құқығы Сақтандырудың түсінігі мен оның түрлері. Сақтандырудың күрделі формалары. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің түсінігі және дамуы. Сақтандыру қатынастарының қатысушылары.</p>	1	
15	<p>Дәріс. 14 Тақырып. Қаржылық-шаруашылық құқығы қаржылық құқықтың бөлімі ретінде 1. Қаржылық – шаруашылық құқықтың қаржылық құқықтың бір бөлімі ретінде түсінігі. 2.Қаржылық – шаруашылық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. 3.Қаржылық – шаруашылық құқықтың қалыптасуы мен ерекшеліктері</p>	2	6
	<p>14 Семинар сабағы . Қаржылық-шаруашылық құқықтың өзекті мәселелері Қаржылық – шаруашылық құқықтың жалпы сипаттамасы. Қаржылық – шаруашылық құқықтық қатынастар мен қаржылық – шаруашылық құқытық нормалардың ұғымы.</p>	1	
16	<p>Дәріс. 15 Тақырып. Мемлекеттік несиелеуді құқықтық негіздері 1.Мемлекеттік несиелеуді ұғымы және жалпы сипаттамасы. Несиеліқатынастардың субъектілері. Мемлекеттік несиелеудің түрлері. 2. Мемлекеттік қарыз алу: ұғымы мен тәртібі. Мемлекеттік қарыз алудың түрлері мен нысандары. 3. Мемлекеттік несиелу саласында шарттардың құқықтық табиғаты</p>	2	
	<p>15 Семинар сабағы . Мемлекеттік несиелеу және мемлекеттік қарыз алу 1.Мемлекеттік несиелеуді ұғымы және жалпы сипаттамасы. Несиеліқатынастардың субъектілері. Мемлекеттік несиелеудің түрлері. 2. Мемлекеттік қарыз алу: ұғымы мен тәртібі. Мемлекеттік қарыз алудың түрлері мен нысандары. 3. Мемлекеттік несиелу саласында шарттардың құқықтық табиғаты</p>	1	6
			Семинар – 48 б СӨЖ – 30 б АБ – 22 б
	<p>2 Аралы бақылау. Өткен 9 -16 апталар тақырыптары бойынша жазбаша бақылау жұмысы.</p>		АБ - 22 б
	<p>9-16 апталар аралығында:</p>		100 б
	<p>Емтихан:</p>		100 б

ДӘРІСТЕР – 15 сағат, СЕМИНАРЛАР – 15 сағат.

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:

Нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 2011 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы Конституциялық заңы».
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16-қазандағы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңы».
4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Конституциялық заңы».
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1994 жылғы 27-желтоқсанда қабылданған Жалпы бөлімі, 1999 жылғы 1-шілдеде қабылданған Ерекше бөлімі) 102-104, 111-112, 117-118, 127-136, 139, 192-193, 196-198, 200-201, 206 және т. б. баптары.
6. Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі. 04.12.2008 жылы қабылданған ҚР Заңы
7. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30-наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Заңы. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
8. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31-тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы Заңы. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
9. Қазақстан Республикасының 02.07.2003 жылы қабылданған ҚР Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
10. Қазақстан Республикасының Президентінің 09.03.2004 жылғы 2003-2006 жылдары Қазақстан Республикасында қаржылық секторды дамыту концепциясын жүзеге асыру шараларының жоспарын бекіту туралы Жарлығы
11. Қазақстан Республикасының Даму банкісі туралы Қазақстан Республикасының 25.04.2001 жылғы Заңы
12. Қазақстан Республикасының қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау рыногы туралы 04.07.2003 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы
13. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 17-маусымдағы “Валюталық реттеу және бақылау туралы” Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
14. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы “Сақтандыру қызметі туралы” Заңы.
15. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсан «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексі».
16. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы «Ақша аударымдары мен төлемдері туралы Заңы».
17. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19-маусымдағы «Мемлекеттік кәсіпорын туралы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

18. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13-шілдедегі «Демпингке қарсы шаралар туралы Заңы.
19. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы Заңы.
20. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-шілдедегі «Қаржылық лизинг туралы Заңы.
21. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5-қаңтардағы «Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы Заңы.
22. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14-шілдедегі «Нотариат туралы Заңы.
23. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы Заңы.
24. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасының қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау рыногы агенттігі туралы Ережені бекіту туралы 31.12.2003 жылғы Жарлығы.
25. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1-шілдедегі «Алматы қаласының мәртебесі туралы Заңы.
26. Қазақстан Республикасының 08.02.2003 жылғы Пochта туралы Заңы
27. Қазақстан Республикасының 13.05.2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы Заңы
28. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 29 қаңтардағы «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы Заңы.
29. Қазақстан Республикасының 20.12.1998 жылғы Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңы
30. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы.
31. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы.
32. Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызмет туралы 20.11.1998 жылғы Заңы
33. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының қызмет етуінің кейбір мәселелері туралы 07.02.2001 жылғы Жарлығы
34. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29-қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалануғағидалары туралы Жарлығы.
35. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстандық теңге – ұлттық валютасының бан,кноталар мен монеталарының дизайнының концепциясын бекіту туралы 25.09.2003 жылғы Жарлығы
36. Қазақстан Республикасының Үкіметінің Мемлекеттік сатып алуларды үжеге асырудың ерекше тәртібінің Ережесін бекіту туралы 20.02.2004 жылғы Қаулысы
37. Қазақстан Республикасының Үкіметінің ҚР Қаржы министрлігі туралы 11.01.2001 жылғы Ережені бекіту туралы Қаулысы
38. Қазақстан Республикасының Үкіметінің ҚР Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау комитетінің қызметінің кейбір мәселелері туралы 19.06.2002 жылғы Қаулысы
39. Қазақстан Республикасының Үкіметінің ҚР экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі туралы 04.09.2002 жылғы Ережені бекіту туралы Қаулысы
40. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Қаржылық агенттер үшін пруденциалды нормативтер және олардың статустарының жойылуы тәртібі туралы 25.07.2003 жылғы Қаулысы

Қосымша нормативтік актілер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 -шілдедегі Қаржы рыногын мемлекеттік реттеуді бірыңғай жүйесін ұйымд астыру жніндегі шаралар туралы Жарлығы.

2. Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсанындағы «Бухгалтерлік есеп туралы Заң күші бар жарлығы.

3. Қазақстан Республика сының 2001 жылғы 3-мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 -қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы Ережені бекіту жөніндегі Қаулысы.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 -мамырдағы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің мәселелері туралы Қаулысы.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 -ақпандағы «Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі мәселелері туралы Қаулысы.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау Комитеті туралы Ережені бекіту жөніндегі Қаулысы.

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2001 жылғы 5-қыркүйектегі «Қазақстан республикасында экспорт-импорт валюталық бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қаулысы.

Арнайы әдебиеттер:

1. Бабич А.М., Павлова Л.Н. Финансы, Москва, ИД ФБК-ПРЕСС, 2000
2. Бельский К.С. Финансовое право. М., Юристь, 1995.
3. Годме Поль М. Финансовое право. М., Прогресс, 1978.
4. Дробозина Л.А. Финансы Москва, Юнити, 2000
5. Карасева М.В. Финансовое право. М., Юристь, 1999.
6. Листопад А.Д. Финансовая деятельность таможенных органов Российской Федерации. М., РИО РТА, 1996.
7. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Қаржылар саласындағы мемлекеттік басқару. Алматы, 1998.
8. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық негіздері. Алматы, 1998.
9. Рассолов М.М. Финансовое право. Москва, Юнити, 2001
10. Романовский М.В., Врублевский О.В., Сабанти Б.М. Финансы. Москва, Юрайт, 2000
11. Химичева Н.Н. Финансовое право. М. БЕК, 1998.
12. Химичева Н.Н. Налоговое право. М. БЕК, 1997.
13. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан, Алматы, 2002
14. Худяков А.И. Основы теории финансового права. Алматы, 1995.
15. Худяков А.И. Финансовое право РК. Алматы, 2001.
16. Худяков А.И. Страхование право РК. Алматы, 1997.
17. Худяков А.И. Налоговое право РК. Алматы, 2003.
18. Худяков А.И., Найманбаев С.М. Русско-казахский финансово-правовой толковый словарь. Алматы, 1997.
19. Найманбаев С.М. ҚР қаржылық құқығы. Алматы, 1994.
20. Жуйриков К.К., Ким Г.В. Государственное страхование в Казахстане. Алма-Ата, 1992.

Қосымша әдебиеттер:

1. Жауриков К.К., Ким Г.В. Государственное страхование в Казахстане. Алматы, 1992.
2. Олейник О.М. Основы банковского права. М: Юристъ, 1997.
3. Оспанов М.Т., Мухамбетов Т.И. Иностраный капитал и инвестиции: вопросы теории, практики привлечения и использования. Алматы, 1997.
4. Давыдова Л, Раймонова Д. Банковское право Республики Казахстан. Алматы, 2005.
5. Л. Давыдова, Д.Раймонова. Қазақстан Республикасының банктік құқығы. Алматы, 2006.

СӨЖ (Студенттердің өзіндік жұмысы) бойынша тапсырмалар және әдістемелік ұсыныстар.

1 СӨЖ. Қаржылық құқықтың түсінігі.

Қаржылық құқық - құқық саласы ретінде, пәні, әдісі, жүйесі. Қаржылық құқықтың басқа құқық салаларымен байланысын анықтау

Тапсыру нысаны ауызша, презентация жасау, тапсыру мерзімі 3 апта.

2 СӨЖ. Қазақстан - 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті - Елбасы Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2012 жыл) бойынша экономикалық қаржылық саясаттың өзекті мәселелері

Тапсыру нысаны жазбаша, презентация жасау, слайд тапсыру мерзімі 4, 5 апталар.

3 СӨЖ. Мемлекеттің ақша айналымын ретке келтіру тәсілдері және мемлекетте жүргізілген ақша реформалары.

нысаны-жазбаша (реферат)

тапсыру мерзімі 6,7 апталар.

4 СӨЖ. ҚР Бюджет құқығы – қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің институты ретінде.

1. Бюджеттік құқықтың түсінігі мен бюджет қызметі.

2. Бюджет деңгейлері: Республикалық және жергілікті бюджеттер.

3. Республикалық бюджет туралы ҚР Заңы. Мемлекеттік қаражаттың кіріс және шығыс бөлігін қарастырып, өз пікірлеріңізді айтыңыздар

нысаны–ауызша, дөңгелек стөл

тапсыру мерзімі 9, 10 апта.

5 СӨЖ. Салық құқығы - қаржылық құқықтың басты институты ретінде

1. Салықтық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері.

2. Салықтардың қалыптасу тарихы және ерте кездегі салықтардың түрлері.

3. Салықтың түсінігі, құрамы және салықтың түрлері. Салықтың атқаратын рөлі. Салықтардың жіктелуі. Қазақстан Республикасының салық жүйесі.

нысаны–жазбаша,

тапсыру мерзімі 11 , 12 апталар.

6 СӨЖ. ҚР банктік құқығының даму ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы, оның өкілеттілігі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қадағалаушы орган ретінде. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы заңы.

2. Екінші деңгейдегі банктердің құқықтық жағдайы. Қазақстан Республ икасында банктердің ашылу тәртібі. Банкті консервациялау. Банктік қызметті тоқтату жағдайлары. Банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың құқықтық жағдайы.

нысаны–жазбаша,

тапсыру мерзімі 13 , 14 апталар.

БАҒА ҚОЮ САЯСАТЫ

Пән бойынша емтихандық баға аралық бақылау - 60% және аралық аттестация – 40% қосындысы болып анықталады және жалпы - 100% құрайды.

Егер студент семестр бойы аралық бақылау және ағымдағы бақылау бойынша жоғарғы баллдың жартынан (30%) азын алса емтиханға жіберілмейді.

Баға критеріі:

Ағымдағы және аралық бақылау – 200%;

Midterm – 100%;

Аралық аттестация (емтихан) – 100%;
Барлығы – 400%.

Білімді бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	«Қанағаттанарлық»
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	«Қанағаттанарлықсыз»
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмаған» (GPA санағанда есептелмейді)
P (Pass)	-	0-60 65-100	«Сынақ» (GPA санағанда есептелмейді PA)
NP (No Pass)	-	0-29 0-64	«Сынақтан өтпеді» (GPA санағанда есептелмейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA санағанда есептелмейді GPA)
AW (Academic Withdrawal)			«Академиялы қ себептермен пәннен шығарылуы» (GPA санағанда есептелмейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA санағанда есептелмейді)

Академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты

Толерантты болыңыз, басқалардың пікірлерін құрметтеңіз. Қарсылықтар нақты формада тұжырымдалсын. Плагиат және басқа әділетсіз жұмыстарға жол жоқ. СӨЖ, аралық бақылау және емтихан тапсыру барысында көшіруге және басқадан көмек сұрауға, басқа адамдардың шығарған есептерінің көшірмесін алуға, басқа студенттің орнына емтихан тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез келген мәліметін бұрмалаған студенттің қорытынды бағасы «F» болады.

*Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
№ ___ хаттама «___» _____ 2015 ж.*

Кафедра меңгерушісі
Заң ғылымдарының докторы,
профессор

А.Е. Жатқанбаева

Дәріс оқушы
Заң ғылымдарының докторы,
профессор м.а.

Г.А.Қуаналиева